

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің 2012 жылғы 1 тамыздағы ағымдағы жағдайы

2012 жылғы 1 тамызда республикада 11 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – қорлар) өз қызметін жүзеге асырды. Шілде айында заңды тұлғаларға зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметке лицензия берілген жоқ.

13 заңды тұлғаның қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензиясы бар, оның ішінде 11 қор зейнетақы активтерін дербес басқару лицензиясына ие.

Есепті күнде 10 екінші деңгейдегі банк кастодиандық қызметті жүзеге асырды. Сонымен бірге, 6 екінші деңгейдегі банк: «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «Еуразиялық Банк» АҚ, «АТФ Банк» АҚ, «Ситибанк Қазақстан» АҚ қорларға кастодиандық қызмет көрсетті.

Қорлардың салымшылары (алушылары)

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 2012 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 2 931,3 млрд. теңге жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасымен (оның ішінде қалыпты инвестициялық портфель бойынша - 2 896,6 млрд.теңге, консервативті инвестициялық портфель бойынша - 34,7 млрд.теңге) 8 313 242 (оның ішінде қалыпты инвестициялық портфель бойынша – 8 073 475, консервативті инвестициялық портфель бойынша - 240 367) болды. Міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар шоттарының саны шілдеде 25 579 (0,3%) ұлғайды, жинақталған зейнетақы қаражаты да 49,1 млрд. теңгеге (1,7%) ұлғайды.

2012 жылғы 1 тамызда міндетті зейнетақы жарналары бойынша барлық қорлар салымшыларының жалпы санының салымшылар (алушылар) шоттарының ең көп саны 3 қорда жинақталды: «Қазақстан Халық Банкі» – 28,0%, «ГНПФ» – 23,1% және «Ұлар Үміт» – 17,7%.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 2012 жылғы 1 тамыздағы жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 1,2 млрд. теңгемен 37 925 болды. Ерікті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар шоттарының саны шілдеде 64 бірлікке (0,2%) азайды.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттарының саны 2012 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 123,0 млн. теңгемен 4 109 болды.

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты 2012 жылдың басында 285,6 млрд. теңгеге (10,8%) ұлғайып, 2012 жылғы 1 тамызда 2 937,0 млрд. теңге болды.

Зейнетақы жарналарының жалпы түсуі 2012 жылғы шілдеде 42,1 млрд. теңгеге (1,9%) ұлғайып, 2012 жылғы 1 тамызда 2 285,5 млрд. теңге болды.

Зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен, салымшылардың (алушылардың) шоттарына бөлінген «таза» инвестициялық кіріс сомасы (комиссиялық сыйақыны шегергенде) 2012 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 618,0 млрд. теңге болды. 2012 жылғы шілдеде «таза» инвестициялық кіріс 13,2 млрд. теңгеге (2,2%) ұлғайды.

Салымшылардың (алушылардың) 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап 2012 жылғы 1 тамызға дейінгі кезеңде жинақталған зейнетақы қаражатының көлемі мынадай


көрсеткіштермен сипатталды:

млрд. теңге

Күні	1.01.10	1.01.11	1.01.12	1.08.12	1.01.12 салыстырғандағы өсім	1.01.12 салыстырғандағы өсім (%-бен)
Жинақталған зейнетақы қаражаты	1 860,5	2 258,2	2 651,4	2 937,0	285,9	10,8
Зейнетақы жарналары	1 488,8	1 821,7	2 003,7	2 285,5	281,8	14,1
«Таза» инвестициялық кіріс	481,7	571,4	555,1	618,0	62,9	11,3
«Таза» инвестициялық кірістің жинақталған зейнетақы қаражаты сомасындағы үлесі	25,9	25,3	20,9	21,0	-	0,1%-дық тармаққа

2012 жылғы 1 тамызда жинақталған зейнетақы қаражатының ең көп сомасы 4 қорда жинақталды: «Қазақстан Халық Банкі» – 969,0 млрд. теңге (33,0%), «ГНПФ» – 563,4 млрд. теңге (19,2%), «Ұлар Үміт» – 388,8 млрд. теңге (13,2%) және «Грантум» - 278,4 (9,5%), барлық қорлардағы жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы көлемінің немесе осы 4 қорға барлық жинақталған зейнетақы қаражатының 74,9% келеді.

Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және жинақталған зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы



Міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы аудармау, жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасауды уақтылы жүзеге асырмау және зейнетақы активтерін тиісінше басқармау үшін өсімпұл сомасы 2012 жылғы шілдеде 0,2 млрд. теңгеге (1,3%) ұлғайып, 2012 жылғы 1 тамызда 13,2 млрд. теңге болды.

Зейнетақы төлемдері және қорлардан сақтандыру ұйымдарына аударымдар 2012 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 292,2 млрд. теңге болды немесе 2012 жылғы шілдеде 7,4 млрд. теңгеге (2,6%) ұлғайды.

2012 жылдың басынан бастап зейнетақы аннуитет шарттарына сәйкес сақтандыру ұйымдарына алушылардың жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасау жалпы сомасы 16,2 млрд. теңгеге 7 724 алушыға жүзеге асырылды. Зейнетақы аннуитет шарттарына сәйкес сақтандыру ұйымдарына алушылардың жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасаудың жалпы сомасы 2012 жылғы 1 тамызда 49,0

млрд. теңгені құрады.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі жөніндегі ақпаратты уәкілетті органның сайтында орналастыру, сондай-ақ қорлардың ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауы салымшыларға (алушыларға) қорды дербес таңдауға және зейнетақы заңнамасы бойынша берілген жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аудару құқығын пайдалануға мүмкіндік береді.


2012 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аудару 1 736,8 млрд. теңгені құрады.

Қорлардың зейнетақы активтерінің құрылымы

2012 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 2012 жылғы шілдеде 48,8 млрд. теңгеге немесе 1,7%-ға өсіп, 2 939,6 млрд. теңге болды.

2011 жылғы 1 тамыздан бастап 2012 жылғы 1 тамызға дейінгі кезеңде зейнетақы активтерінің орташа айлық өсуі 36,0 млрд. теңге болды.

Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы



Зейнетақы активтерінің жиынтықты көлемін бөлу

ЗАИБЖАҰ/ ЖЗҚ	зейнетақы активтері	
	млн. теңге	%-бен
"Қазақстан Халық Банкі ЖЗҚ" АҚ "Қазақстан Халық Банкі" АҚ ЕҰ	969 975	33,0
"ГНПФ" ЖЗҚ" АҚ	564 226	19,2
"Жетісу" ЗАИБЖАҰ" АҚ	388 662	13,2
"ҰларҮміт" ЖЗҚ" АҚ	388 662	13,2
"GRANTUM Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ ("Казкоммерцбанк" АҚ ЕҰ)	278 875	9,5
"ГРАНТУМ"ЖЗҚ" АҚ ("Казкоммерцбанк" АҚ ЕҰ)	278 875	9,5
"Астана" ЖЗҚ" АҚ "	178 690	6,1
"Капитал" ЖЗҚ" АҚ - "Банк ЦентрКредит" АҚ еншілес ұйымы	168 323	5,7
"МұнайГаз-Дем" ЖЗҚ" АҚ	129 688	4,4
"Атамекен" ЖЗҚ" АҚ "Нұрбанк" АҚ ЕҰ	87 211	3,0
"Отан" АЖЗҚ" АҚ	80 151	2,7
"РЕСПУБЛИКА" ЖЗҚ" АҚ	74 145	2,5
"Индустриялық Қазақстан" ЖЗҚ" АҚ	19 704	0,7
Барлық ЖЗҚ бойынша жиынтығы	2 939 650	100

Инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі 2012 жылғы шілдеде 45,7 млрд. теңгеге немесе 1,6%-ға ұлғайып, 2012 жылғы 1 тамызда 2 893,2 млрд. теңгені құрады.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық портфеліндегі ҚР эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздарының үлесі 2012 жылғы 1 тамызда 1 478,1 млрд. теңгеге сәйкес болып, инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 51,1%-ын құрады. 2012 жылғы шілдеде ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфеліндегі ҚР эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздарының көлемінің өсуі 1,4 млрд. теңгені құрады.

2012 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының үлесі 765,1 млрд. теңгеге сәйкес болып, инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 26,5%-ын құрады. 2012 жылғы шілдеде ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфеліндегі ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының көлемі 42,3 млрд. теңгеге өсті.

ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	1.07.2012ж.		1.08.2012ж.	
	млн. теңге	млн. теңге	млн. теңге	%
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде	1 476 755	51,9	1 478 141	51,1
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	1 297 546	45,6	1 285 466	44,4
Ұлттық Банктің ноттары	173 616	6,1	187 065	6,5
жергілікті атқару органының бағалы қағаздары	5 593	0,2	5 610	0,2
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	154 599	5,4	142 260	4,9
акциялар	24 471	0,8	18 207	0,6
облигациялар	130 128	4,6	124 053	4,3
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	63 603	2,2	58 242	2,0
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	83 925	2,9	87 573	3,0
Тазартылған алтын	109 890	3,9	116 244	4,0
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде	722 764	25,4	765 084	26,5
акциялар	134 526	4,7	140 186	4,9
облигациялар оның ішінде:	588 238	20,7	624 898	21,6
шетел валютасында номинирленген	43 965	1,6	58 469	2,0
теңгеге номинирленген	544 273	19,1	566 429	19,6
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	236 101	8,3	245 677	8,5
Туынды бағалы қағаздар	0	0	0	0
Жиынтығы	2 847 637	100	2 893 221	100

Эмитенттердің бағалы қағаздардың шығарылымы бойынша дефолтқа жол берген бағалы қағаздарының үлесі 2012 жылғы 1 тамызда зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 0,1%-ын құрады, абсолюттік мәнінде 2,9 млрд. теңге болды.

Қорлардың номиналды кірісінің коэффициенті туралы мәліметтер

2012 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері бойынша номиналды кірістің (K2) орташа алынған коэффициенті мынадай болып келтірілген:

	%		
	5 жылдық кезеңде	3 жылдық кезеңде	12 айда
Қалыпты инвестициялық портфель бойынша орташа алынған K2	25,20	15,06	1,61
Консервативті инвестициялық портфель	24,62	14,55	1,00

бойынша орташа алынған К2

Жинақталған инфляция деңгейі 55,49 21,21 4,70

Қорлардың қаржылық жай-күйі

Қорлардың жиынтық капиталы 2012 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 90,7 млрд. теңге болды, оның ішінде жарғылық капитал – 51,7 млрд. теңге немесе жиынтық капиталдың жалпы көлемінің 57,0%-ы болды. Қорлар бойынша активтердің жалпы сомасы 2012 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 99,7 млрд. теңге болды.

2012 жылғы қаңтар - шілде айларында 5 қор («Атамекен», «Индустриялық Қазақстан», «Астана», «Отан» және «Республика») жалпы сомасы 6,6 млрд. теңге шығынға ұшырады, бұл ретте 7 қор жалпы сомасы 9,3 млрд. теңге пайда алды. Қорлардың кірісінің жалпы сомасы 2012 жылғы 1 тамызда 2,7 млрд. теңге болды.

Қорлардың меншікті активтері есебінен қаржы инвестициялары 2012 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 80,6 млрд. теңге немесе қорлардың жиынтық активтерінің 80,9%-ы болды.

Қорлардың меншікті активтері есебінен қаржы инвестицияларының негізгі үлесін инвестициялардың жалпы көлемінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары 50,4%-ын алады. Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары инвестициялардың жалпы көлемінің 18,5%-ын, екінші деңгейдегі банктердегі салымдары - 25,4%-ын құрады.

Республика экономикасындағы зейнетақы секторының рөлі

Республика экономикасындағы зейнетақы секторының рөлін сипаттайтын қатысты көрсеткіштердің динамикасы	1.01.08	1.01.09	1.01.10	1.01.11	1.01.12	1.08.12
ЖІӨ млрд.теңге	12 849,8	16 052,9	17 007,6	21 815,5	27 334,1	31 297,0 *
Жинақталған зейнетақы қаражатының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	9,4	8,8	10,9	10,4	9,7	9,4
Зейнетақы жарналарының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	7,1	7,4	8,8	8,4	7,3	7,3
«Таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	2,6	1,9	2,8	2,6	2,0	2,0
Қорлардың жиынтық капиталының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,2	0,3	0,4	0,4	0,3	0,3

* - Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігінің болжам деректері